

Бұйрық №3

«Қос-Қорған» жалпы
орта мектебі

03.09.2022ж

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Өрт қауіпсіздігін сақтау» жұмысын жандандыру мақсатында

Бұйырамын

1. «Өрт қауіпсіздігін сақтау» ережесін түзеп мектепте қауіпсіздік жұмыстарының ережесі түзілсін.
2. Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары А.Абдукаримов өрт сөндіру құралдарымен жабдықтап эвакуация жолдарын жасап ұжыммен таныстырылсын.
Өрт шыққан жағдайда, «Өрт сөндіру» командасы мына төмендегі құраммен бекітілсін
 1. А.Абдукаримов өрт сөндіру командасының командирі.
 2. Ш.Мажитов бөлімше командирі.
 3. Х.Абдукаримов
 4. А.Басанов
 5. А.Саиднабиев
 6. М.Жаппаров
 7. Д.Жунашов
 8. Ғ.Дадағов
 9. Д.Асетов
 10. Б.Бабажанов
 11. С.В.Абилаев
 12. Д.Шақаров
 13. С.Жорашов
3. Мектептегі қатаң есепте тұратын құжаттарды жәнесейфтерді алып шығу тобы мына төмендегі құрамнан құрылсын.
 1. С.Жаппаров команданың командирі
 2. А.Асетов бөлімше командирі
 3. С.Абилаев
 4. Б.Хайруллаев
 5. Д.Мажитов
 6. Э.Мамитов
 7. К.Басанов
 8. Р.Маннапов
 9. Ю.Мужидинов
 10. С.Файзуллаев
 11. К.Басанов
 12. К.Дадабаев
 13. Э.Курбанбаев
4. Тәрбие ісін меңгерушісі С.Жаппаровқа мектептегі 9-11 сыныптар арасынан «Ерікті жас өрт сөндіруші жасағын құрып бекітуге өткізсін»
5. Барлық сыныптарда 9 сағаттан тұратын сабақтан тыс «Өрт қауіпсіздігі» сабақтары өтілсін
6. Мектептің шаруашылық меңгерушісі А.Абдукаримов әр айдың басында өрт қауіпі бар жерлерді тексеріп, өрт сөндіретін құралдардың жарамдылығын, және эвакуацияға шығатын есіктердің ашылып жабылуын қатаң бақылауда ұстасын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау және мектеп ішілік жаттығулар өткізіп тұруды бақылау
8. ТІМ-нің меңгерушісі С.Жаппаров және Н.Асетовларға жүктелсін.

Мектеп директоры

М.Изатуллаева.



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
М.Изагуллаева



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде
«Өрттен қауыпсіздігін сақтау» жұмысын
жандандыру мақсатында жүргізілетін
іс – шаралар жоспары

к/с	Атқарылатын іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Өрттен сақтану» іс-шарасын жасап, бекіту.	04.09.2022	ДТЖО С.Жаппаров Н.Асетова
2	Мектепте «Өрттен сөндіру» командасын құру.	07.09.2022	ШІМ А.Абдукаримов
3	Эвакуация жолдарын қарастырып, өрт сөндіру құралдарын дайындау.	Үнемі	ШІМ А.Абдукаримов
4	Барлық сыныптарда «Өрт қауыпсіздігі» сабақтан тыс тәрбие сағаттарын өткізу және тех. қауыпсіздік ережелерімен таныстыру.	Үнемі	Сынып жетекшілер
5	6-11 сыныптар арасында «Ерікті жас өрт сөндірушілер» жасағын құру.	10.10.2022	ДТЖО С.Жаппаров Н.Асетова
6	Мектеп бойынша оқу жаттығу жұмыстарын жүргізіп тұру.	Айына бір рет	Ш.Мажитов А.Абдукаримов
7	Атқарылатын жұмыстар туралы мәлімет қалалық білім бөліміне беріп тұру.		ДТЖО С.Жаппаров Н.Асетова

Дайындаған ДТЖО С.Жаппаров

Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне, «Қос- Қорған» жалпы
орта
мектебінен

Мәлімет

Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің бұйрығын басшылыққа ала отырып «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 15 қыркүйек 15 қазан аралығында «Өрт қауіпсіздігі айлығы» атты үгіт насихат айлығы өткізілді. «Өрт қауіпсіздігі» айлығын өткізудің іс-шара жоспары жасап бекітілді. Мектеп оқушылары және ата-аналарымен «Тұрмыстағы балалардың қауіпсіздігін», «Ұлы газбен ұланудың алдын алу» тақырыптарында сынып сағаттары, техника қауіпсіздігі ережелерімен таныстырылып, бейнематериалдар көрсетілді. Өрт және төтенше жағдайлар кезінде атқарылған жұмыстардың жоспарын құрылып бекітілді.

Мектеп мұғалімдерінен өрт сөндіру командасы жасақталды. Мектеп оқушылары арасынан «Ерікті жас өрт сөндірушілер тобы» жасақталды.

Мектепте өрт және төтенше жағдайлар кезінде мектеп ұжымы мен оқушылардың қандай іс әрекет жасау керектігі айтылып, оқу жаттығулар өткізілді. Сыныптарда адам өмір қауіпсіздік негіздері пәні сабақтары өткізілуде.

Атқарылған жұмыстар туралы толығымен есеп алынып, мәлімет дайындалды.

Мектеп директоры:



М.Изатуллаева.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебіндегі

«Ерікті жас өрт сөндірушілер тобы».

1. Егембердиев Ғ. топ командирі

I бөлімше

2. Мирзаханов Миркомил 11 сынып бөлімше командирі
3. Серикбаев Самандар 11 сынып
4. Жумашов Исомиддин 11 сынып
5. Зупаров Абдукасим 10 а сынып
6. Зупаров Аблаким 10 а сынып
7. Акимжанов Юсуп 10 а сынып
8. Ахмедов Охунжан 10 а сынып
9. Дадажанов Дилнур 10 а сынып
10. Сатибалдиев Захиджан 10 а сынып

II Бөлімше

1. Османов Шахзад 10 ә сынып бөлімше командирі
2. Ахатов Хурсандбек 10 ә сынып
3. Муфиев Шахзад 10 ә сынып
4. Гуламов Жахангир 10 ә сынып
5. Алиханов Атабек 9 а сынып
6. Абдураманов Бекзад 9 а сынып
7. Шамшидинов Давран 9 а сынып
8. Еркин Данияр 9 ә сынып
9. Набиев Суннат 9 ә сынып

Топ жетекшісі :



Ғ.Егембердиев.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ

Сауран ауданы
Қос-Қорған аулы

№ 08

23.01.2023

«Жас құтқарушылар» үйірмесін құру туралы


Түркістан облысы Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
23.01.2023-ғы № 230-01-18/945 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қауіпсіздік имиджін қалыптастыру және түрлі табиғи техногенді сипаттағы төтенші жағдайлардың алдын алу мақсатында 9-10 сынып оқушылары арасынан 5 ер баладан тұратын «Жас құтқарушылар» үйірмесі құрылсын.
2. «Жас құтқарушылар» үйірмесі жауапты етіп мектептің дене шынықтыру пән мұғалімі А.Исаковқа бекітілсін.
3. Жас құтқарушылар үйірмесінің құрамына төмендегі аты-жөні көрсетілген оқушылар кіргізілсін.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Команда атауы
1	Алханов Жамшид	10 «Б»	Жас қыран
2	Ергешбаев Максат	10 «Б»	Жас қыран
3	Исмаилов Бексұлтан	10 «Б»	Жас қыран
4	Мамадаминов Рузмухаммад	10 «Б»	Жас қыран
5	Серикбаев Муслим	10 «Б»	Жас қыран

4. Осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз ету директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары С.Жаппаровқа жүктетілсін, оны бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Түркістан облысы Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 23.01.2023-ғы № 230-01-18/945 хаты.

Мектеп директоры:  М.Изатуллаева



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебіндегі

«Ерікті жас сөндіруші тобы».

1. Егембердиев Ғ. топ командирі

I бөлімше

2. Мирзаханов Миркомил	11 сынып бөлімше командирі
3. Серикбаев Самандар	11 сынып
4. Жумашов Исомиддин	11 сынып
5. Зупаров Абдуқасим	10 а сынып
6. Зупаров Аблаким	10а сынып
7. Акимжанов Юсуп	10 а сынып
8. Ахмедов Охунжан	10 а сынып
9. Дадажанов Дилнур	10 а сынып
10. Сатибалдиев Захиджан	10 а сынып

II Бөлімше

1. Османов Шахзад	10 ә сынып бөлімше командирі
2. Ахатов Хурсандбек	10 ә сынып
3. Муфиев Шахзад	10 ә сынып
4. Гуламов Жахангир	10 ә сынып
5. Алиханов Атабек	9 а сынып
6. Абдураманов Бекзад	9 а сынып
7. Шамшиддинов Давран	9 а сынып
8. Еркинов Данияр	9 ә сынып
9. Набиев Суннат	9 ә сынып

Топ жетекшісі :



Ғ.Егембердиев.

Кентау қалалық білім бөлімі
"Қос - Қорған" жалпы орта мектебі

Баяндама

*Тақырыбы: Қауіпсіздік ережелері:
өрт шыққанда не істеу керек?*



Дайындаған: С. Мурзаханов

Қауіпсіздік ережелері: Өрт шыққанда не істеу керек?

Тілсіз келіп, тұтқиылдан тап беретін жаулардың бірі - өрт. Соңғы кезде еліміздің бірқатар өңірлерінде жиі өрт шығып, қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан жарақат алып, қайтыс болғандар да бар. Өрттің алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін білген жөн.

Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз;

- Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекен-жайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. “Менен де басқалар хабарласқан шығар” деп отыруға болмайды;
- Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз;
- Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек;
- Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз;
- Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек. Ол түтіннен уланып қалудың алдын алады;
- Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі;
- Түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек;
- Пәтерден шықпас бұрын есіктің ар жағында оттың бар-жоғын тексеріңіз. Ол үшін есікке жақын барып, оның тұтқасы сияқты металды жерлерін ұстап көріңіз. Ол ыстық болса, есікті ашпаңыз. Керісінше, есіктің саңылауларын дымқыл матамен бітеп тастаңыз. Есіктің бер жағына су шашыңыз;
- Ауыз-мұрныңызды дымқыл матамен жауып, пәтердегі барлық адамдарды балконға алып шығыңыз. Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз. Олардың сізді естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жуыну бөлмесіне кіріп, есігің ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстілеріңіздегі барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз;
- Өрт шатырда немесе жертөледе шықса, өрт сөндірушілерді шақырып, олар келгенше өрт шыққан аумаққа апаратын есік-терезелерді, люктарды жауып тастау керек;
- Өрт шыққан үйден адамдарды эвакуациялау кезінде балалардың төсектің астына, сөрелер мен қуыстарға тығылып қалатынын естен шығарманыз.

- Тамақ істеп жатқанда газ плитасын қараусыз қалдырмаңыз;
 - Электр тогы мен газ құбырларын үнемі тексеріңіз. Қандай да бір ақау барын байқасыңыз, бірден арнайы мамандарға хабарласыңыз;
 - Өртке арналған сатылар мен төтенше жағдайда шығатын есіктерді жаппаңыз;
 - Өрт сөндіргішті қолданып үйреніңіз және оны отбасыңыздың мүшелеріне де көрсетіңіз. Себебі, өрт шыққанда оның нұсқаулығын оқып тұруға уақытыңыз болмайды;
- Не істеуге болмайды?

1. Киіміңізге от тигенде жүгірменіз. Ол оттың одан сайын өршуіне әкеледі. Одан да киімді шешуге тырысу керек, болмаса еденге жатып аунау керек. Егер жаныңыздағы адамның киімі жанып жатса, оны өшіру үшін үстіне дымқыл мата жабыңыз;
2. Терезелерді ашып, түтінді шығаруға болмайды. Таза ауа отты өршітеді;
3. Лифтті қолданбаңыз. Өрт кезінде электр тоқтары өшірілетін болғандықтан, лифт кез келген жерде тоқтап қалуы мүмкін;
4. Қорқынышқа бой алдырып, жоғарғы қабаттан секіруге болмайды.

Зардап шеккендерге алғашқы көмек

1. 103 нөміріне хабарласып, жедел жәрдем шақырыңыз;
2. Күйік алған адамдардың үстіндегі киімін шешуге болмайды. Күйген жеріндегі киімін қиып, теріге жабысқан күйі қалдыру керек. Күйікті спирттелген немесе марганец ерітіндісіне батырылғын матамен жабады;
3. Өте үлкен күйікке шалдыққан адамды үлкен матаға немесе төсек жаймасына орап, ыстық сусын беріп, жылылау керек;
4. Түтінге уланған адамды таза ауаға алып шығу қажет.

Өрттің алдын алу үшін:

1. Үйде темекі шекпеңіз. Толық сөндірілгеніне көзіңіз жетпей терезеден лақтырмаңыз;
2. Тамақ істеп жатқанда газ плитасын қараусыз қалдырмаңыз;
3. Электр тогы мен газ құбырларын үнемі тексеріңіз. Қандай да бір ақау барын байқасыңыз, бірден арнайы мамандарға хабарласыңыз;
4. Өртке арналған сатылар мен төтенше жағдайда шығатын есіктерді жаппаңыз;
5. Өрт сөндіргішті қолданып үйреніңіз және оны отбасыңыздың мүшелеріне де көрсетіңіз. Себебі, өрт шыққанда оның нұсқаулығын оқып тұруға уақытыңыз болмайды;
6. От жағуға арналған сіріңке, оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз;
7. Балаларыңызға Төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің нөмірлерін жаттатыңыз:
 - Өрт сөндірушілер – 101
 - Полиция – 102
 - Жедел жәрдем – 103
 - Газ апатынан құтқару қызметі – 104
 - Құтқару қызметі – 109

Кентау қалалық білім бөлімі
"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

Баяндама

Тақырыбы:

«Өрт және оның алдын алу жолдары»

Дайындаған:

7ә-сынып жетекшісі А.Басанов

Қос-қорған - 2019

Өрт – бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы.

Ең күрделі, зиян тигізетін өрттер өртке қауіпті объектілерде және басқа да зақымдау факторлары (жарылыс, улы заттардың жиналуы т.б.) бар объектілерде болады. Сонымен бірге, адамдар көп шоғырланған жерлерде де өрт шығу қаупі бар.

Өрт факторларының әрекеттері

Өрт салдары зақымдау факторларының әрекеттеріне байланысты болады. Оларға жататындар:

- жанғыш заттың отқа тікелей әсері;
- сәулелер есебінен жоғары температуралы заттар мен объектілерге қашықтықтық әсері;
- жану зонасында иісті газбен улану;
- жану кезіндегі токсинді өнімдерден улану;
- құрылыстардың конструктивті бөліктерінің бұзылып құлауынан адамдардың жаракат алуы немесе қаза болуы.

Орман өрттері

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен территорияға таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын-шашын болмаса ормандар құрғап, кез келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Ең өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар, қыналар, ит бүлдіргендер, аршалар т.б. жатады. Құрғақ құмды топырақты жерлердегі ағаштарға өрт ең жиі әрі тез таралады, бірақ оларды өшіру оңайырақ келеді. Қылқан жапырақты ормандардағы түскен жапырақтар, бұталар және құрғақ шөптер қауіпті өрт тудырады. Олар үлкен зардап шектіреді.

Өндіріс орындарындағы өрт

Өндірістегі өрттердің негізгі себептеріне құрал-жабдықтардың технологиялық жұмыс тәртібінің бұзылуы, электр жабдықтарының ақаулылығы, жабдықтардың жөндеу жұмыстарына нашар дайындалығы, әртүрлі материалдардың өздігінен жануы және т.б. жатады.

Жарылыс кезінде өртті болдырмау үшін ыстық жанғыш, жарылысқа қауіпті ортаның пайда болуына мүмкіндік бермей, оталдыру көзінің пайда болуына кедергі жасау керек.

Өрт қауіпсіздігі

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің

қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу шаралары мен және белсенді өрт қорғанысымен қамтамасыз етіледі. Өрттің алдын алу болып өртті болдырмау немесе оның салдарын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені саналады. Белсенді өрт қорғанысы – бұл өрт немесе жарылысқа қауіпті жағдайларымен белсенді күресуді қамтамасыз ету шаралары.

Өрттің алдын алу шаралары

- құрылыстық-жобалау;
- техникалық;
- ұйымдастырушылық;

Құрылыстық-жобалау шаралары - ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігімен анықталады (конструкция материалдары жанғыш, қиын жанатын, жанбайтын болып бөлінеді). Отқа төзімділік шегі дегеніміз – бұл оттың әсерінен құрылыс конструкцияларының бірінші сызат пайда болғанға дейінгі шыдайтын уақыт интервалы. Барлық құрылыс конструкциялары отқа төзімділік шегі бойынша 8 деңгейге бөлінеді. Ғимараттардың отқа төзімділік деңгейіне байланысты өрт кезінде эвакуациялау үшін шығатын жерлерге дейінгі қашықтықтар белгіленеді.

Техникалық шаралары:

- өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция т.б.) орнатқан кездерде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау;
- құрал-жабдықтар жұмысының тәртібі мен технологиялық процестер параметрлерін сақтау;
- әртүрлі қорғану жүйелерін пайдалану.

Ұйымдастырушылық шаралар - құрамына өрт қауіпсіздігі бойынша оқу өткізу, өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын тексеру кіреді.

Өрт сөндіру тәсілдері

Өрт сөндірудің келесі тәсілдері қарастырылады:

- ыстық жанғыш затты тотықтырғыштан бөлектеу;
- ауадағы оттегі концентрациясын азайту;
- ыстық жағғыш заттың температурасын оталдыру температурасынан төмендету.

Өрт сөндіру заттары ретінде су, құм, көпіршіктер, ұнтақтар, өрт тудырмайтын газ тәріздес заттар, инертті газдар, булар қолданылады.

Өрт сөндіру құралдары


Өрт сөндіру құралдары 2-ге бөлінеді:

- қол көмегімен жұмыс істейтін құралдар (құм салынған жәшіктер, асбест жабындары, өртке қарсы құрал-саймандары бар такталар; химиялық көпіршікті от сөндіргіштер; ұнтақты отсөндіргіштер; көміроттекті отсөндіргіштер; хладонды отсөндіргіштер; құрама отсөндіргіштер);
- өртке қарсы жүйелер (сумен жабдықтау жүйелері; көпіршікті генераторлар; автоматты сигнал беру құралдарын қолдану арқылы автоматты өрт сөндіру жүйелері).

Кез келген объектілерді эксплуатациялауды (туристік фирмаларды, қонақ үйлерді, демалыс базаларын) бекітілген нормативті құжаттар талаптарына сай қатаң түрде жүзеге асыру қажет.


Барлық қоғамдық және өндірістік ғимараттарда нақты көрсетілген кедергісіз тез шығуға кепіл беретін апатты жағдайларда шығатын жерлер болуы тиіс. Есіктер іш жағынан ашылуы керек. Бұл жерлерде кедергі келтіретін бөгде заттар мен отқа жанғын материалдар болмауы керек. Бұдан басқа да құтқару жолдары қарастырылуы жөн (мысалы, сыртқа шығатын сатылар мен шатырға шығатын жерлер). Өрт кезінде ешқашан лифтті қолдануға болмайды.





Техника қауіпсіздік ережелері



A classroom scene featuring a whiteboard with a wooden frame. On the wall to the left of the whiteboard is a round analog clock showing approximately 3:00. Below the clock are two anatomical charts of the human body, a large anatomical model of a head and neck, and another two anatomical charts. To the right of the whiteboard is a vertical scroll with a colorful illustration and a framed rectangular object. In the foreground, a wooden desk holds a pen holder with pens, a stack of books, and a small white card. A globe on a stand is visible on the left side of the desk. The floor is a light-colored tile.

Мектептегі техника қауіпсіздігінің ережелері

Қауіпсіздік техникасының ережелері

Қауіпсіздік техникасының ережелерін төмендегі пункттерге бөлуге болады:

1. Жалпы
2. ДК-де жұмыс істеу алдында
3. Жұмыс істеу кезінде
4. Авариялық жағдайларда
5. Жұмысты аяқтағанда

Жалпы қауіпсіздік талаптары:

1. Мұғалімнің рұқсатынсыз құрал-жабдықтарды орнынан қозғауға, сымдарға, розеткаларға, штепсельдің айырына, штекерге тиісуге тыйым салынады.
2. Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпқа кіруге және сыныптан шығуға болмайды.
3. Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпта жүруге болмайды.
4. ДК-де су киіммен және су қолмен жұмыс істеуге болмайды.
5. Корпусы мен сымдарының бүтіндігі бұзылған (ашық) ДК-де жұмыс істеуге тыйым салынады.
6. Үстелге, ДК-дің жанына сумка, портфель, кітап қоюға болмайды. Үстелде тек дәптер мен қалам ғана жатуы керек.
7. Пернетақтаның үстіне ештеңені қоюға болмайды.
8. Компьютер сыныбында жүгіруге, ойнауға, жолдастарыңның көңілін қажетсіз аударуға, бөгде жұмыстарды істеуге тыйым салынады.

ДК-де жұмыс істеуді бастау алдында қойылатын қауіпсіздік талаптары:

1. ДК электр тогына қосылмаған жағдайда сымдардың, ДК-дің корпусының бүтіндігін және айыру (изоляция) бұзылмағанын қарап шығып, олардың дұрыс жағдайда екендігіне көз жеткізу керек.
2. Жұмыс кезінде оларға тие бермеу үшін, сымдар салбырап тұрмауына көңіл бөлу керек.

ДК-мен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары:


1. Компьютерде жұмыс істеу кезінде көздің экраннан ең қолайлы қашықтығын (60-70 см) сақтау керек.
2. Келушілер кіргенде оқушылардың орнынан тұруының қажеті жоқ.
3. Көз талғанда немесе шаршағанда орнынан тұрмай көзді дем алдыратын бірнеше жаттығу орындау керек.
4. Оқушылар электр тогымен зақымданғанда алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін, өрт сөндіргішпен жұмыс істеу және өрт сөндіру әдістерін білуі керек.
5. Оқушылар көзді дем алдыру жаттығуларын білуі керек.

Апат жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары:

1. ДК-де жұмыс істеу барысында ақауларын байқағанда, түтін немесе әдеттен тыс дыбыстар пайда болғанда жұмысты тоқтатып, аппаратураны өшіру және оқытушыға хабарлау керек.
2. Қажет болса, өртті сөндіруге көмектесу керек.
3. Қажет болса, электр тогымен зақымданғандарға алғашқы көмек көрсете білу керек.
4. Компьютер сыныбында өртті сумен өшіруге болмайтынын білу керек. Мұнда құмды немесе көбікті өрт сөндіргішті пайдалануға болады.
5. Егер зақымданған адам электр тогының әсерінде болса, оны жалаңаш қолмен ұстауға болмайтынын білу керек. Зақымданушыны электр тогын өткізбейтін материалдарды пайдаланып босатуға болады.

ДК-де жұмысты аяқтау қауіпсіздігінің талаптары:

1. Аппаратураны оқытушының нұсқауымен өшіру керек.
2. Жұмыс орнын ретке келтіру керек.



**Саяхат кезіндегі
техника қауіпсіздігі**

Саяхат кезіндегі балалардың қауіпсіздігі

Демалыстағы (поход) қауіп-қатер көбіне балалардың шалалығынан болады. Демалысқа бара жатқанда балалар ересектердің қатаң қадағалауында болған кезде төтенше жағдайлар болмайды. Келенсіз оқиғалар көбіне демалыстағы түскі үзілістерде, тамақтану, азгантай дем алу кездерінде болады екен. Балалардың іштері пысып, не істейтіндерін білмеген жағдайларда олар қоршаған ортаны танып білуге ұмтылады, ол келеңсіз жағдайға әкеп соғуы мүмкін. Егер походта балалардың көңілін аулайтын жауапты адам табылса, ол дегеніміз балалар қарауды жеңілдетеді. Балаларды көбіне жеңіл желпі жұмыстарға тартып, олардың көмегіне жүгіну керек, мысалға ағаш, жеміс-жидек, саңырауқұлақ теруге, балық аулауды ұйымдастыру қажет. Балалармен демалысқа (походқа) шыққанда неге көп көңіл аудару керек. Керек-жабдықтар. Баланың туристік сөмкесі ыңғайлы, иыққа ілетін бауы S тәрізді түрде, түңгі уақытта жарық шашатын болғаны жөн. Сөмкенің көлемі 20 литр көп болса, белдік белбеу болу қажет.

Бала қанша килограмм көтере алады? 3 жастан 11-12 жас аралығындағы балалардың сөмкесінің ауырлығы, оның жасының жартысынан аспау керек, мысалы: бес жастағы баланың сөмкесінің ауырлығы 2-2,5 кг аспау қажет.

Баланың сөмкесінде не болу керек? 3-4 жастағы баланың сөмкесінде өздерінің заттарын, ойыншықтарын салу керек. Ал жасөспірімдер ересектер не алады, соның бәрін өлдері жеткенше ала алады. Киім ауарайына сөйкес болу керек, балаларға ашық түсті (сары, қызыл) киім кигізуге тырысыңыз, егер қандайда бір жағдай болып жатса, баланы ашықтүсті киімде тез табуға көмектеседі. Аяқ киімнің табаны қатты болған жөн және жабық болу қажет. Күн қанша ыстық болса да, балаға жеңі ұзын жейде, шалбар кигізіңіз, әйтпесе байқаусыздан құлап қалып, жарақат алған кезде қиын болады. Поход кестесінің жоспарын ең кіші және өлсіз адамның күшін ескере отырып құру керек. Кіші балақайларды қасыңыздан ұзақ кетпеуін қадағалаңыз. Демалыста отын жаққан кезде, отынға байланысты барлық тәртіптермен баланы таныстырыңыз. Отынмен ойнау өте қауіпті екендігін түсінгені абзал.

Өзен, көлдердің маңында аялдағанда, су барлық адамдарды тартатының естен шығармаңыз. Су маңында қауіп-қатер сіздің өрбір қадамыңыздың жаныда екенің ұмытпаңыз.

Жеуге жарамайтын саңырауқұлақтар мен жеміс жидектер. Демалысқа шықпас бұрын немесе походта балаға жеуге жарамайтын саңырауқұлақтар мен жеміс жидектер туралы түсіндіру өңгіме жүргізген жөн. Жасы үлкендеу балаларға улы жемістер мен саңырауқұлақтарды көрсетіп, олардың зияны туралы айту қажет. Міндетті түрде жол дәріханашығында кез-келген адамды емдеуге қажет дәрі-дәрмек болған дұрыс.

Су жағалауында демалу. Сіз өз балаңызды суда өзін қалай ұстау керектігін үйретсеңіз де, есте сақтаңыз келеңсіз оқиға кезінде бала сасқалақтап, күші жетпей қалауы мүмкін. Құтарушы кеудешелергеде толығымен сенім жоқ.

Велосипедпен походқа шығу. Бұл демалыс кезінде ең басты құрал – ол бас киім (велошлем) болып табылады. Егер көлік жолының қозғалысы оң жақты болса, оңда жол жиегінің оң жағынан жүру керек. Әр кезде велосипедпен жүргенде арақашықтық сақталу қажет. Демалыс кезінде барлық қарапайым ережелерді дұрыс сақтайтын болсаңыз, сіздің балалармен шыққан демалысыңыз көңілді, қауіп-қатерлерден аман-есен боласыз.



**Күзгі демалыс кезіндегі
техника қауіпсіздігі
туралы әңгіме**

АТА- АНАЛАР НАЗАРЫНА! ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ата- аналар назарына! Демалыс кезіндегі оқушылардың техника қауіпсіздік ережелері

1. Бос қалған, бұзылған үйлерге баруға, жақындауға болмайды;
2. Далада, үйде, қоғамдық жерлерде тәртіп бұзбай, өздерін дұрыс ұстаулары керек;
3. Өрт, су, жағажайға жалғыз бармау, тоғайға жалғыз бармау, техника, еңбек, дене тәрбиесі сабақтарындағы қауіпсіздікті және жолда жүру ережелерін сақтау керек;
4. Кешкі сағат 22.00-ден кейін көшеде жүруге болмайды;
5. Танымайтын адаммен еріп кетуге немесе бөгде техникаға отыруға болмайды;
6. Басқа жаққа қыдырып кеткен жағдайда мектеп әкімшілігіне не сынып жетекшіге хабарлау керек;
7. Жасөспірімдерді дүкендерге спирттік ішімдіктерді алуға, спирттік ішімдіктерді ішуге, есірткелік заттарды қолдануға болмайды.

Өрт қауіпсіздігінің ережелері



ӨРТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

Тұрғын үй секторында өрттер жиі болады. Өрттерде адамдар жиі қаза болады, сондықтан біздің кеңестерімізді тағы да оқыңыздар, керегі болар. Егер сіз өрт көрсеніз, әрине, бірден өрт сөндірушілерді шақырыңыз, 01 қызметінің телефонистінің сұрақтарына айқын жауап беріңіз. Қай жерде жанып жатқанын, өзіңіздің телефоныңыздың нөмірін, аты-жөніңізді және қабатты айқын айтыңыз. Басқа сұрақтар қойса да ренжімеңіз (мысалы, неше подъезд, қалай жетуге болады), өрт болған жағдайда қажетсіз сұрақтар қойылмайды. Мүмкіндік болса, өрт сөндіру көліктерін қарсы алыңыз. Осының бәрі артық минуттарды сақтайды. Егер сіз түтіннің иісін сезсеніз, сым немесе электр құралы жанып жатпағандығын тексеріңіз. Егер түтін подъездтен келсе, дереу шаралар қолданыңыз. Не болып жатқанын анықтауға тырысыңыз. Бірақ абайлап қимылдау керек: пәтерден шыққан соң есікті жабыңыз, әйтпесе пәтеріңізді подъездтің түтіні шығатын үлкен түтіндік болады және оның ішінде жөндеу жұмыстарын жасамай тұруға болмайды. Ал егер түтін демалуыңызға қауіпті болса, төменге түспеніз – 01 телефонына қоңырау соғыңыз. Осындай жағдайда адамның үйден жүгіріп шығу әрекеті зардапқа әкеліп соқтырады. Есікті жабыңыз, тесіктерді, желдету тесіктерді сулы шүберекпен жабыңыз да, өрт сөндірушілерді күтіңіз. Үйден шығуға тырыспаңыз (тек егер сіз бірінші қабатта тұрмасаңыз), тіпті лифтпен түспеніз. Екі-үш баспалдақ аралығынан өтіп, жану өнімдерімен улануға болады, ал лифтті өрт кезінде кез келген уақытта сөндіріп тастауы мүмкін. Егер басқалар өрт сөндіру күзетін шақырған болса да, өзіңіз де телефон соғып, қай пәтерде отырғаныңызда хабарлаңыз. Бұл ақпарат рация арқылы өрт орнына беріледі және қажетті жағдайда өрт сөндірушілер сізге көмегін тезірек көрсетеді: әр пәтердің (қонақ үй бөлмелерінің) есігін бұзып ашқаннан гөрі нақты адреспен жүрген тезірек болады.

Әрине, өрт біткенше пәтеріңізде отыруыңызға болады, тек егер сіз ағаш калқалары, балқандары, желдеткіш қораптары жоқ қазіргі заманғы үйде тұрсаңыз. Әрине, әр есті адам ескертусіз авариялық шығулар қай жерде орналасқанын алдын ала байқайды. Бірақ қайғылы оқиғалар адамдардың көбісі экстремальды жағдайларда кірген жолымен құтқарылуда тырысатынын куәландырады.

Оттан кейде өту қажет болады. Бірақ ол үшін от фронтының тереңдігін және одан арғы жолды білу керек. Егер сіз бәрін дұрыс есептесеніз, онда мүмкіндігінше теріңізге от тигізбеуге тырысыңыз – бас киім, пальто киіп, көрпе жамылып, осының бәрін сулаңыз. Дем алмауға дайын болыңыз. Ойша барлық жолды өтіп шығыңыз, содан төрт аяқтап немесе еңбектеп шығатын жолға қарай жүріңіз. Отты жерден жүгіріп өтуге болады (жүгіру кезінде дем алмаңыз).

Егер сіз есінен танып қалған адамды шығарсаңыз, оның үстің сулы шүберекпен немесе көрпемен жабыңыз. Адамның үстіндегі киім жанған жағдайда, оның жүгіруіне жол бермеңіз (от тез жанады), үстіне тығыз шүберекті жабыңыз, аса қажетті болса жығып құлатыңыз. Өрт сөндіргішті қолданбауға тырысыңыз, өйткені адамның терісі зақымданады.

Тағы да бір қайталайық – тек басқа мүмкіндік болмаған кезде ғана түтінді жерден өтуге болады. Өрт кезінде түтін мен отпен қатар адамның қорқынышы да қауіпті екендігін әр өрт сөндіруші біледі.

Егер сіз қолданған шараларға қарамастан, пәтерге немесе қонақ үйдің бөлмесіне түтін және ыстық кірсе, балконға шығып, құтқарушыларға белгі беру қажет. Сонымен бірге сіз алдын ала батареяға қол астындағы заттарды (мысалы, ақ жайманы немесе теледидар антеннасының сымын) байлап, ернеуге шыға аласыз. Байланған ай жаймалармен немесе арқанмен түсу қауіпті, бірақ кішкентай биіктіктен болады.

Өрттен қорғандың ең басты тәсілі - оның себебі өзіңіз болмау. Қарапайым ұқыптылық пен тұрғындардың тұрмыстық мәдениеті жүздеген өрт сөндіру командаларына қарағанда әр қаланы өрттерден көбірек сақтайды.

Өрт сөндірушілердің дәстүрлі кепілдемелері:

- ешқашан төсекте жатып шылым шекпеніз;
- балаларды отты қолдануға үйретіңіз; егер сіз оларға әбден сенбесеніз, олардың қолына сіріңкенің түсуіне жол бермеңіз;
- қосылған электр құралдарын қараусыз қалдырмаңыз, әсіресе үтіктерді, жылытқыштарды, теледидарларды;
- қолдан жасалған электр құралдарын қолданбауға тырысыңыз;
- бір розеткаға үлкен қуатты бірнеше тұрмыстық құралдарды қоспаңыз;
- электр сымдарының жағдайын байқап жүріңіз, өзіңіздің қауіпсіздігіңізге үнемдемеңіз, электр қалқанында “жучок” қолданбаңыз;
- газ плитаның үстіне лақтарды және бояуларды қыздырмаңыз, плитаның үстінде киімдерді кептірмеңіз;
- шатырларға, жергелерге, балкондарға, эвакуация жолдарына бөтен заттар қойып, шашпаңыз, балкондарда жанатын заттарды сақтамаңыз – бір пәтерден бірнеше қабаттарға барған тік өрттер болу оқиғалары белгілі;
- тек өзіңіздің пәтеріңіздің қауіпсіздігіне ғана емес, үйдің, ауланың қауіпсіздігіне көңіл аударыңыз: шатырлар және жергелер кездейсоқ адамдардан жабық болу керек, тұрғын үйдегі кез келген шаруашылық жұмыстар (жергеледегі шеберханалар, дәнекерлеу жұмыстары) қауіпті – бұзушылық жағдайында өзіңіздің өрт қадағалау инспекторынан көмек сұраныңыз.

Шынында, өрт – бұл ортақ бақытсыздық, егер өрт сөндірушілер жанған пәтерді бірден сөндірсе де, су бірнеше қабатқа ағып кетеді.

Айтпақшы, дамыған елдерде өрт сөндіргіш әр пәтерде және саяжайда бар. Азғантай өрт болған жағдайда сізде арнайы қорғану құралы бар екенін жаңыда барлығы біледі.



5

Оқу кабинетіндегі электр желісінен сақ болу ережелері



7



3



ЕТ КАБИНЕТІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКА ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптарға мыналар жатады:

1. Сымдарды, жалғауыш сымдарды, розеткаларды, штекерлерді қозғауға; жабдықты мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады.
2. Мұғалімнің рұқсатынсыз компьютерлік сыныпқа кіруге және одан шығуға болмайды.
3. Мұғалімнің рұқсатынсыз сынып ішінде жүруге болмайды.
4. ДК-де ылғалды қолмен және дымқыл киіммен жұмыс істеуге болмайды.
5. Қорабы немесе сымдары зақымданған ДК-де жұмыс істеуге тыйым салынады.
6. ДК-мен қатар үстел үстіне портфель, сөмке, кітап қоюға тыйым салынады. Үстел үстінде тек қалам мен дәптер ғана жатуы тиіс.
7. Пернетақта үстіне ештеңе қоюға болмайды.
8. Компьютерлік сыныпта жүгіруге, ойнауға, жұмыс істеп отырған оқушылардың көңілін алаңдатуға, басқа жұмыспен айналысуға болмайды.

ДК-де жұмыс істеу үшін қауіпсіздік талаптары:

1. Қоректендіру кезіне қосылған ДК-ні мұқият қарап, оңашалануының және компьютер корпусы мен сымдарының ақауы жоқ екеніне көз жеткізу керек.
2. Сымдары жұмыс кезінде байқаусызда ілініп кететіндей болып, салбырап тұрмағанына көңіл аудару керек.
3. Жұмыс орнын тексеру және пайдалануды есепке алу журналына белгі қою керектігін ескеру керек.

ДК жұмысы кезіндегі қауіпсіздік талаптары:


1. ЭЕМ жұмысы кезінде көздің экраннан оңтайлы арақашықтығын (60-70 см) сақтау қажет. Жұмыс істеуге ыңғайлы, тиімді қашықтық – 50 см.
2. Сыныпқа сырттан кірген мұғалімдер мен үлкен кісілерге оқушылардың тұруының қажеті жоқ.
3. Көздің талуы немесе шаршауы жағдайында оқушылар орнынан тұрмай-ақ көздің талуын немесе шаршауын басатын бірнеше жаттығу орындауына болады.
4. Оқушылар электр тогымен зақымдану кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін, өртсөндіргішпен жұмыс істеу тәсілдерін және өрт сөндіру тәсілдерін білуі тиіс.
5. Оқушылар көздің талуы және шаршауын болдырмайтын жаттығуларды білулері керек.

Алат (төтенше) жағдайындағы қауіпсіздік талаптары:

1. ДК жұмысы кезінде ақау байқалса, күйген иіс немесе бөгде дыбыс пайда болса, компьютер жұмысын бірден тоқтатып, аппаратураны ток көзінен ажыратып, мұғалімге немесе кабинет меңгерушісіне хабарлау керек.
2. Қажет болғанда өрт сөндіруге көмектесу керек.
3. Қажет болғанда, электр тогынан зақымданғандарға дәрігерлік алғашқы көмек көрсету керек.
4. Компьютерлік сыныпта өрт болған жағдайда, оны су шашып сөндіруге болмайтынын білуі тиіс. Құмды немесе көбікті өртсөндіргішті пайдалануға болады.
5. Егер зақымданған кісі электр тогының әсерінде болса, онда оны жалаңаш қолмен қозғауға болмайтынын білуі тиіс. Электр тогын өткізбейтін материал пайдаланып, зақымданған адамды босатып алу керек.

ДК жұмысын аяқтағандағы қауіпсіздік талаптары:

1. Мұғалімнің айтуы бойынша аппаратураны ток көзінен ажырату керек.
2. Жұмыс орнын ретке келтіру керек.
3. Жұмыс орнын пайдалануды есепке алу журналында белгі жасау керек.



**Қысқы демалыс кезіндегі
техника қауіпсіздігі
туралы әңгіме**

ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕГІ ЖОЛДА ЖҮРУДІҢ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ .

- Қыс кезінде жолдағы қауіпсіздіктің негізгі ережесі – сақтықты жоғарлату және ықыласпен жолға қарау.
- Қыста күн қысқа. Ерте қараңғы түседі. Қараңғы уақытта жолда келе жатқан көліктің қашықтығын анықтау қиынға түседі. Себебі, жақындағы машиналар алыста, алыстағы машиналар жақын орналасқандай көрінеді. Қараңғыда және алакөленкеде аса мұқият болған жөн. Жолды тек қана бағдаршам орналасқан және жаяу өтетін жерлерден ғана өткен жөн.
- Қар жауып тұрған кезде көздің көруі төмендейді, күртік қарлар пайда болады, жаяу жүргіншілермен көліктердің қозғалысында қиындықтар пайда болады. Қар жаяу жүргіншінің көзін шағылыстырады және жолды бақылауға бөгет жасайды.
- • Ашық күннің өзі кедергі. Себебі ашық күн сәулесімен ақ қар шағылысып, адамдар «соқыр» болып қалады. Сондықтан аса сақ болу қажет.
- Қыс уақытында жаяу жүргіншілер бөлігінен өтетін кезде келе жатқан машинаны өткізіп барып немесе оның тоқтағанның көргеннен кейін ғана өте қажет. Жүргінші бөліктен машина келе жатқанда ешқашанда жүгіріп өтпе! Ақырындап және аса сақтықпен өткен жөн.
- Көктем уақытында қар ақырындап ери бастағанда жерде көлшіктер пайда бола бастайды. Және олардың астында ерімеген мұздар жатады. Жолдар өте тайғақ бола бастайды. Сондықтан жолдан өтер кезде, келе жатқан көліктерді жіберіп, асықпай жолдан өту керек.
- Жылы қысқы киім адамның емін - еркін қозғалуына кедергі жасайды, адамның жүрісін баяулатады. Сүрініп қалғанда, мұндай ауыр салмақты киіммен теңдікті ұстау қиын болады.
- Оталмай тұрған көліктің жанында тұрма! Көлікті итермеуге тырыс! Дөңгелектің астынан мұздың ұнтақтары немесе тастар шашырауы мүмкін. Ал ең бастысы- көлік қатты жылдамдықпен жүріп, өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін.



**Жасөспірімдердің
жарақаттары және
алдын алу
жолдары**

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАРАҚАТТАНУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жарақат – бұл терінің немесе сілемейлі қабықша бүтіндігінің бұзылуымен жүретін механикалық ықпалдан болған тіннің зақымдалуы. Жарақат сыртқы және терең болады. Сыртқы жарақат кезінде тек тері немесе сілемейлі қабықша зақымдалады. Терең жарақат қуысқа (кеуде, ішперде) еніп, ішкі мүшелерді зақымдауы мүмкін.

Жарақаттаған құрал мен тіннің зақымдалу сипатына қарай жарақаттар кесілген, шабылған, айналасы жырымдалған, үшкір қарудан болған, зақымдалған, тістелген, оқ тиген болып ажыратылады. Белгілері. Кез келген жарақат ауырсыну тудырады. Ауырсыну дәрежесі мен сипаты жарақаттың көлеміне, сипатына және орнына байланысты. Кейде ауырсынудың қатты болатыны соншалық, зардап шегуші ауыр халге душар болады. Жарақат кезіндегі алғашқы жәрдем:

- 1) қан кетуді тоқтату;
- 2) жарақатты қайта дастанудан қорғау.

Соғылу – тіндер мен мүшелер құрылымының елеулі бұзылуысыз жабық зақымдалуы. Соғылу құлағанда немесе қатты затқа ұрылғанда орын алады. Әдетте жұмсақ тіндер мен ұсақ қан тамырлары зақымдалады, алайда ішкі мүшелер де зақымдалуы мүмкін: іш соғылғанда – ішперде қуысы мүшелері (ішек, бауыр, көкбауыр және т.с.с.), кеуде соғылғанда – ми зақымдалады және т.б. Көбінесе бас және аяқ-кол соғылады.

Жұмсақ тіндер соғылуының белгілері: соғылу тұсындағы әлсіз ауырсынулар, кішкене немесе көбірек таралған, жайылған ісіну – қанталау, дененің соғылған бөлігінің қозғалысы шектелген және ауыртады. Ішперде қуысы мүшелерінің зақымдалуымен сипатталған іштің соғылуы кезінде қатты ауырсыну, құсу байқалады, бауыр, көкбауыр зақымдалғанда, ішке қан кету белгілері пайда болады (тері мен сілемейлі қабықшаның бозаруы, бас айналу, есінен тану, жіті көрініс беретін жалпы әлсіздік, тамырдың жиі және әлсіз соғуы).

Соғылу кезіндегі алғашқы жәрдем. Жұмсақ тіндер соғылған кезде, жарақат орнына суық нәрсе (суық суға малынған сүрткіш, мұз не қар салынған пакет) қою керек, қансыраған жерге басып тұратын таңғыш тану керек (4-сурет). Соғылған дене бөлігін тынышталдырып, соғылған аяқ-қолды жоғары күйде ұстайды; мысалы, қолды орамалмен байлап, асып қояды. Терінің бүтіндігі бұзылған кезде, залалсыздандырылған таңғыш танады. Іші соғылған кезде, ішкі мүшелердің зақымдалуынан күдіктенген кезде, зардап шеккен адамды медициналық мекемеге жатқызу қажет. Зардап шеккен адамға тамақ және сусын беруге болмайды.

Сыну – бүтіндігінің бұзылуымен сипатталатын сүйектің зақымдалуы. Сыну кезінде сүйектің зақымдалуымен бірге айналасындағы жұмсақ тіндердің бүтіндігі бұзылады, жақын орналасқан бұлшықет, тамырлар, жүйкелер және т.б. жарақаттанады. Сынумен қоса, тері зақымдалған кезде немесе жара болса, сынуды ашық сыну деп атайды, терісі бүтін болса, жабық сыну болады.

Белгілері: 1) зақымдалған сүйекке ауырлық түскенде, ауырсынудың арта түсуі; 2) сынық айналасын ұстағанда ауырсыну; 3) зақымдалған жердің (аяқ-қолдың) қимылдай алмауы (өте сирек жағдайлардан тыс); 4) сынған жердегі дене бөлігі формасының өзгеруі; 5) қанталау; 6) сынған жерде сүйектің дұрыс қимылдамауы. Зардап шеккен адамның жалпы күйі сынықтың сипатына байланысты және ауыр болуы мүмкін (бассүйек, жамбас, сан және т.б. сүйектерінің сынуы), дене қызуы көтерілуі мүмкін.

Аталған белгілердің кейбіреуі кейбір сынықтар (жарылу) кезінде орын алмауы мүмкін, сондықтан сынық болуы мүмкін деп күмәнданған кез келген зақымдалуды сүйектің сынуы деп қарастырылып, зардап шеккен адамға тиісті көмек көрсетілуі тиіс.

Сыну кезінде көрсетілетін алғашқы көмек. Дененің зақымдалған бөлігін (аяқ-қолы) толық тынышталдыру қажет және сынған жердегі сүйектің сынған бөліктерінің қимылдауын болдырмау қажет. Бұл үшін дененің зақымдалған бөлігін иммобилизациялау қажет, яғни, оны қимылсыз күйге келтіру қажет, мұны ұстап тұратын таңғыш тану немесе, ең дұрысы, тасымалдау шендеуішін тану арқылы жүзеге асыруға болады. Тасымалдау иммобилизациясы үшін дайын стандартты шендеуіштерді қолдану қажет, олар болмаған жағдайда, шендеуіштер қолда бар, оқиға орын алған жерден табылған заттардан жасалады – таяқ, такта, ағаш бұтағы, картон, ағаш қабығы, сабан бумасы, күрек және т.с.с. Барлық шендеуіштер жеткілікті дәрежеде ұзын және мықты болуы қажет. Шендеуіштерді дененің жалаңаш бөлігіне таңған жөн, алайда, алғашқы жәрдем көрсеткен кезде, тасымалдау шендеуішін киімнің үстінен тану қажет. Егер шендеуіш дененің жалаңаш бөлігіне таңылса, оны мақтамен, орамалмен орап қою қажет, әсіресе сүйек шығып тұратын жерін. Мақтамен оралған шендеуіш дененің зақымдалған бөлігіне толығымен жанасып онымен бір бүтіндей болып тұруы керек. Мұны дәке, орамал, сүлгі, жіп және т.с.с. қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Көптеген сыну жағдайларындағы иммобилизациялаудың негізгі ережесі: таңылған тасымалдау шендеуіші кем дегенде екі буынды ұстап тұруы қажет (сынған жердің үсті және асты жағынан). Мысалы, сирақ сынған кезде, ол тізебуын және тобықбуынды ұстап тұруы керек, нық сүйегі сынғанда – нықбуын, шынтақбуыны, кәріжілік-білезік буынын; жамбас сүйегі сынғанда ұршықбуын, тізебуын, тобықбуынды ұстап тұрады. Аяқ не қол саусақтарының ұшы бос болуы керек.

Егер сынған жерде жарақат болса (ашық сынық), жарақат айналасына йод тұнбасы жағылады, жарақатқа залалсыздандырылған таңғыш танады (жеке пакет), содан соң, тасымалдау шендеуіші таңылады. Егер сынған жер қанап жатса, онда қанды бұраумен немесе қолда бар заттармен (галстук, жіп, белдік) тоқтату керек, бұрау таңылған уақыт белгілену керек.

Тасымалдау шендеуіші таңылғаннан соң ғана, сүйек сынуынан зардап шеккен адам медициналық мекемеге жеткізіліп, оған осы жерде біржола жәрдем көрсетіледі. Кез келген жарақат кезінде 103 немесе 112 телефондары бойынша жедел жәрдем шақырту қажет. Қатты ауырсыну сезімдері салдарынан, сондай-ақ жүйке-психикалық күйзелістен (қорқу, үреу) мидың кенеттен болған қаназдығынан естен тану. Талма белгілері. Беттің бозаруы, қулақта шу естілу, көздің қарауытуы, суық тер, бас айналу, одан кейін естен тану, тамыр соғуы – әлсіз және жиі, тыныс алу үстіртін болып кетеді. Талма күйі, әдетте, жәрдем көрсетілмесе де, тез тарқайды.

Талып қалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек. Басқа қанның келуін күшейту үшін зардап шеккен адамды басы мен денесінің жоғарғы жағы аяғынан төмен болатындай етіп, жатқызу керек. Аяқ астына білікше қоюға немесе аяқты төңкерілген орындық үстіне орналастыруға болады. Сыртқы киімді шешіп, не түймесін ағыту қажет, бөлмеге таза ауаның келергісіз енуіне жағдай жасау үшін терезені ашу керек. Мүсәтірлі спирт бар болса (аммиактың 10 % ерітіндісі), оның буын иіскету керек (мактаны малып!). Аммиак буын иіскеу мидағы тыныс алу орталығын іске қосады, осылайша адам жылдам «өзіне-өзі келеді». Белгілі бір уақыттан соң, зардап шеккен адамның күйі жақсарған соң, тұрып, қою шай немесе кофе ішуі қажет. Талып қалудың себебін анықтап, тиісті диагностика мен ем қабылдау үшін міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет.

Талып қалудан соң зардап шеккен адам өзіне-өзі келмесе немесе зардап шеккен адам белгілі бір уақыттан соң тағы да талып қалса, онда шұғыл дәрігерлік жәрдем қажет – жедел жәрдем шақырту қажет.

Тайғақта, мұзды жолда, шанамен сырғанағанда техника қауіпсіздігі туралы әңгіме



Тайғақта, мұзды жолда қауіпсіздік ережесі

Көктайғақ – сырғанақ беткейді түзетін қардың немесе мұздың қабаты. Көктайғақ – жаңбырдан кейін күннің сууынан пайда болған мұз қабаты. Ол көбінесе адамдар көп жүретін жерлерде және тратуарларда кездеседі. Жаяу жүргінші көктайғақ кезінде – құлап бір жерін жарақаттап алуы мүмкін және көлік астына түсіп қалу қауіпсіздігі бар. Суық түскеннен бастап жарақаттар (буынды ауырту, сынықтар, денені соғып алу т.б) саны артады.

Көктайғақ кезінде зардап шеккіңіз келмесе, келесі ережелерді орындаңыз:

- Өзіңіздің аяқ киіміңізге көңіл аударыңыз:
- Сырғанамайтын, табанында ұсақ өрнектері бар аяқкиімдерді таңдаңыз. Сән қуушылардың биік өкшелі аяқ киімдерді кимегені жөн.
- Аяқастына қараңыз, қауіпті жерлермен жүрмеңіз.
- Егер мұзды жерді айналып өту мүмкін болмаса, мұз үстімен шаңғышы сияқты қысқа адымдармен жүріңіз:
- Жолдың келесі бетке өтетін жерлерде абай болыңыз, асықпаңыз, жүгірмеңіз;
- Ылдилы жерлерден айналып өтуге тырысыңыз;
- Аяғыңызды тізеден бос ұстап, табаныңызды нық төсеп жүріңіз;
- Мүмкіндігінше қолдарыңыз бос болсын, ауыр сөмкелер ұстамауға тырысыңыз. Қолды қалтаға салып жүру құлау қаупін ұлғайтады.
- Егер тайып кетсеңіз ауыр жарақат алмас үшін, жүрелеп отыра қалуға тырысыңыз.
- Құлаған кезде қатты соққы алмас үшін бүктетіліп, аунап түсуге тырысыңыз.
- Құлаған кезде қолыңыздағы заттың емес, өзіңіздің аман қалуыңызды ойлаңыз.
- Құлаған соң орныңыздан бірден көтерілмей, жарақат алмағаныңызға көз жеткізіп, жаныңыздағылардан көмек сұраңыз.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Әсіресе арқамен құлау, шалқасынан құлау ең қауіпті болып табылады, себебі, осы кезде мидың шайқалуы мүмкін. Жарақат алған кезде міндетті түрде жедел жәрдем қызметіне хабарласу қажет.



**Дәрі-дәрмекті
дұрыс қолдану
туралы әңгіме**

Біз дәрі-дәрмекті дұрыс қолданып жүрміз бе?

Қолыңыздағы препараттың жалған жолмен жасалмағандығына сенімдісіз бе? Дәрілерді сатып алғанда неге мән беру керек? Генериктер түпнұсқа дәрілерден несімен ерекшеленеді? Осы сынды сауалдар Дәрі-дәрмек ақпараттық-талдау орталығының Call-қызметіне күн сайын келіп түседі. Соңғы 10-15 жылда дәрілік заттардың түрлері қарқынды түрде көбеюде. Дәріханаға кірсеңіз болғаны, препараттың сансыз көп атауына тап боласыз. 1995 жылы республикада дәрілік заттардың негізінен генериктік аналогтардың 600 атауы ғана тіркелген болатын. Сол жылдары өмірге қажетті көптеген дәрі-дәрмектерге халықтың қолы жетпейтін еді. Десе де, еліміздің фармацевтика саласы жедел дамып, 2001 жылға қарай Қазақстан Республикасында дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың 4 мыңнан астам атауы тіркелді, олардың негізгі бөлігін алыс және жақын шетелдерде өндірілетін препараттар құрады. Бүгінде Қазақстан Республикасы дәрілік заттардың мемлекеттік тізімінде әлемнің 80-нен астам мемлекетінде өндірілетін 7 мыңнан астам дәрі-дәрмек бар, олар аурулардың барлық түрлері бойынша емделушілердің қажеттілігін өтейді. Сонымен қатар, кейбір препараттар бойынша елімізде 50-ден астам генериктік аналог бар. Сондықтан халыққа дәрінің әсер етуші заттарын немесе халықаралық патенттелмеген атауын білмей, тек сатылымдағы атауына сүйеніп шешім қабылдау қиынға соғады. Қазір Қазақстан фармацевтика нарығындағы генериктер үлесі 85–87% құрайды. Жалпы генерик дегеніміз не? Генериктік препараттың құрамында түпнұсқадағыдай белсенді зат болады, бірақ бағасында, көмекші заттарында, дәрілік пішінінде және түсінде, өндіру технологиясында және т.б. айырмашылықтары болуы мүмкін. Генериктер мен түпнұсқа дәрінің жағымсыз әсерлері де бірдей болады. Қазір АҚШ немесе Швеция сынды аukatты елдердің өзінде генериктерді түпнұсқаларына қарағанда жиірек пайдаланады.

Дәрі-дәрмекті сатып алған кезде не нәрсеге назар аудару қажет? Қазірменді оқырмандар, келесі қарапайым ережелерге назар аударыңыздар!

Дәрі-дәрмекті тек қана дәріханадан сатып алу керек. Оларды ғаламтор арқылы немесе хабарландырулар бойынша сатып алмағаныңыз абзал. Бірден қаптамасына назар аударыңыз. Ол сапалы қатырма қағаздан жасалуы, препараттың атауларында (халықаралық патенттелмеген және саудалық) қателер болмауы, жазулары – анық, өшірілмеген, бояулары мен таңбалары – қанық болуы тиіс. Таңбалануы (соның ішінде штрих-коды) анық әрі жақсы оқылуы қажет. Аңдатпасы (аннотациясы) орыс және қазақ тілдерінде терілуі тиіс. Ішкі қаптамасындағы (блистердегі) немесе құтысы мен қатырма қағаздан жасалған қорабындағы сериясын, шығарылған күні мен жарамдылық мерзімін тексеріңіз. Олар бір-біріне сәйкес келуі тиіс. Қажет болған жағдайда сәйкестік сертификатының көшірмесін сұраңыз. Сертификатта нұсқаланған серия препараттың қаптамасында көрсетілген серияға сәйкес келуі тиіс. Сонымен бірге, жалған дәрінің тағы бір белгісі – препараттың (таблетканың, ертіндінің, суспензияның және т.б.) түсінің медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған түсіне сәйкес келмеуі. Препараттың шынайылығына күмәнданған жағдайда, оның жалған еместігін анықтау мен толық химиялық талдауды қамтитын жан-жақты сараптама жүргізу үшін Ұлттық дәрілік заттарды сараптау орталығына хабарласуыңызға болады.

Қосымша ақпаратты Сіздер ДАТО Call-қызметінің жұртшылыққа арналған бірыңғай тегін телефон желісі арқылы алуларыңызға болады – **8 800 080 88 87** (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін). Call-қызметке қоңырау шалу арқылы Сіздер дәрілік заттарды дұрыс қолдану, препараттардың тиімділігі мен

Төтенше жағдайдағы техника қауіпсіздігі



Төтенше жағдайдағы техника қауіпсіздігі

Төтенше жағдай — адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайық бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай дегеніміз — табиғат немесе өндіріс адаттарының зардаптарын күнделікті қызметпен, кара-жатпен жоюға мүмкіндік бермейтін, ол үшін әдейі материалдық, техникалық, ақша қаражатын және адам күшін талап ететін жағдай.

Қазақстан мемлекетінің орналасқан жері — орасам зор, кен байтақ. Ол жерлерде табиғат апатының неше түрі: жер сілкіну, қар тасқыны, қатты жел, су тасқыны сияқты құбылыстар жиі болып жатады.

Зілзала — бұл кенеттен найда болатын, халықтың қалыпты тірлігін күрт бұзатын, материалдық құндылықтарды үлкен шығынға ұшырататын, сондай-ақ адамдар мен хайуанаттардың өлім-жітімі болатын табиғат құбылысы.

Әрбір зілзаланың өзіне тән физикалық қасиеті, пайда болу себебі, қозғаушы күші, сипаты мен даму сатысы, қоршаған ортаға өзіндік ықпал ету ерекшелігі бар.

Зілзала кез келген мемлекет үшін үлкен ауыртпа-шылық, келтірер залалы мол төтенше оқиға.

Қазақстан Республикасы аумағында мынадай зілза-лалар болуы мүмкін: жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, сырғыма, дауыл, су тасқыны, буырқасын, өрт. Өрт пен жарылыстардың салдары оның жою факторларымен байланысты.

1. Өрттің негізгі жою факторлары мыналар: от заттарға тікелей және алыстан қызуы арқылы әсер етеді. Нәтижесінде отта қалған заттар, объектілер, ғимараттар және оның құрылымы толық немесе жартылай жанып кетуі мүмкін. Ал өте жоғары температураның әсерінен материалдар, металдан жасалған тіреулер, балкалар, құрал-жабдықтар, технологиялық қондырғылар, бұйым-дар және техникалар балқып, жанып істен шығады әрі өзінің қасиетін жоғалтады. Адамдар, жан-жануарлар зардап шегеді.

2. Жарылыстың қырып-жою факторлары мыналар: — ядролық бомбаның жарылғыш заттардың сұйық отынның, газдың жарылыстарынан туындайтын соққы ауа толқыны. — жарылыстардан жарықшақтардың, сынықтардың пайда болуы әрі оның үлкен аймақты қамтып, үлкен зардап әкелуі. Жарылыстардан қирау, объектілердің жойылуы, адамдардың және жан-жануарлардың өлімі, жаракат-тануы сияқты зардаптары болады. Жарылыстың нәтиже-сінде үлкен өрттер пайда болуы мүмкін. Негұрылым жарылыстың қуаты күшті болса, соғұрылым оның экономикаға, қоршаған ортаға, адамдарға және эколо-гияға әкелетін зияны зор болады. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері мыналар:

— жариялылық және халық пен ұйымдарды болжа-нып отырған және пайда болған төтенше жағдайлар, олардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шара-лар туралы хабарлар ету;

- егер ұйымдар мен азаматтардың қызметі ықтимал қауіп туғызатын болса, оның қатер төндіру және зиян келтіру деңгейін алдын ала анықтау, халықты қорға-ныс әдістеріне үйрету және төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын жүзеге асыру;

- төтенше жағдайларды жою жөніндегі құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, шұғыл медициналық жәрдем көрсету, халықты және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, төтенше жағдайлар салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келген зиянды өтеу болып табылады. Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құқықтары Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғи

және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

- Қазақстан Республикасы аумағындағы белгілі бір жерлерде болғанда өздері душар болуы мүмкін қатер туралы және қажетті қауіпсіздік шаралары туралы хабарлар болуға;

- Азаматтарды, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді төтенше жағдайлардан және олар тигізетін зардаптардан қорғау мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жүгінуге, жеке және ұжымдық ундеулер жолдауға;

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шараларға қатысуға, ұжымдық және жеке қорғану құралдарын, азаматтарды қорғауға ар-налған басқа да мүлікті пайдалануға;

- төтенше жағдайлар пайда болған ретте өмірін, денсаулығын және жеке мүлкін қорғауға; Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы міндеттері Қазақстан

Жазғы демалыс кезіндегі, суда шомылған кездегі техника қауіпсіздігі



Судағы қауіпсіздік ережелері

Көптен күткен суға түсу маусымы келді. Облысымыздың жүздеген адамдары демалыс күндері суға тартылады. Таза ауа, күн шуағы, рахатқа батырып қоймай, организмнің жақсаруына септігін тигізеді. Сонымен қатар су әр кез өмірлерді әкетеді. Ашық сулар қауіптілік көзі, осыған байланысты суда жүзу кезінде абай болу орынды. Суда жүзу дені сау адамдарға ғана пайдалы, сондықтан суға түсуге болатындығы жайлы дәрігер кеңесін алу қажет. Суға түсудің қолайлы уақыты таңғы 8-10 сағаты мен кешкі 17-19 сағаты. Ас ішкеннен кейін бір сағаттан бұрын суға түспеген дұрыс. Балалар пикниктер, саяхат тау жүрістеріне, лагерьлеріне барғанға дейін ересектер балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыруы қажет.

Жақсы жүзе білу – суда демалудың бірден-бір қауіпсіздік кепілі, бірақ есте сақтаңыздар әр жақсы жүзуші суда жүзу ережелерін қатаң сақтау қажет, әрдайым абай болу керек. Суға түсу алдында дем алған абзал. Суға дене ыстығымен түсуге болмайды. Жағадан алыс жүзбеңдер, ескерту белгілерінен өтпеңіздер. Арнайы белгіленген және құрылған жерлерде суға түсіңіздер. Белгісіз жерде түсер алдында су түбіне тексеріп алыңыздар. Суға байқап, ақырын кіріңіздер, су белге келген кезде тоқтаңыз және тез арада сүңгіңіз. Әсіресе өз күшіңізге сенімді болмасаңыздар ешқашан жалғыз суға түспеңіздер. Ешқашан жалған қауіптілік белгісін бермеңіздер.

Судағы тайыз жерлердің өзінде балаларға сақ болыңыздар, себебі олар ойын кезінде құлауы және суға тұншығуы мүмкін. Суда ұстап қысу ойындарын жүргізбеңіздер ойын кезінде қасыңыздағы адам ауаның орнына су жұтып есінен айырылуына себеп болады. Балалардың суда жүзіп үйренуі ересектер бақылауында болуы қажет. Таныс емес жерде секіріп сүңгу қауіпті – баспен тасқа, свайға т.с.с соғылып мойын жұлынын сындыруға, естен тануға, өлімге әкелуі мүмкін. Есте сақтаңыздар: мас күйде суға түсу трагедиялық жағдаймен бітуі мүмкін! Ыстық ауа райының келуіне байланысты, біз сендерге бірнеше қауіпсіздік ережелері туралы ақыл бергіміз келеді. Суда жүзу кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

Арнайы қолайланған жерлерде суға түс.

Таныс емес жерлерде сүңгіме

Буйкалар артына жүзбе.

Суда ойын кезінде бір-бірлеріңді қол немесе аяқтан ұстамау.

Жүзу білмейтіндер 1,2 метр тереңдікпен арнайы қолайланған жерлерде түсу.

Суға түсер алдында ағылшын түйреуішін алуды ұмытпаңыздар. Ол сізге сіңір тартқан жағдайда көмектеседі. Егер сіңір тартып түйреуіш болмаған жағдайда шымшып алыңыз.

Жәбірленушіні көз қарассыз тастауға (кез келген уақытта жүрегі тоқтап қалуы мүмкін), өздігімен тасуға болмайды, жағдай болса құтқару қызметін шақыру.

Есте сақтаңыздар! Тек нақты суда жүзу ережесін сақтаған кезде жамандықтың алдын алуға болады.